

«Талдысай орта мектебі» КММ

Қамқоршылық кеңесі

III- отырысының хаттамасы

Мерзімі: 20 мамыр 2022 жыл

Қатысқандар: 13 адам

Күн тәртібі:

1.Қазақстан Республикасының кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу жұмыстары.

Жауапты: ДТІЖО А.Космагамбетов

2.Оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында салауатты өмір салтын насихаттау бойынша қамқорлыққа мұхтаж оқушыларды сыртқы және мектеп жанындағы лагерге қамтылуын қамтамасыз ету.

Жауапты: ДТІЖО А.Космагамбетов

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директорының тәрбие ісі бойынша орынбасары А.Космагамбетов сөз алды. Жыл сайын мектеп үрдісінде оқу жылы басынан жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда мектеп директоры, мектеп әкімшілігі, ата – аналар қауымдастығы, сынып жетекшілері, учаскелік полиция инспекторы қызметкерімен бірлесе отырып құқықтық тәрбие кеңесі құрылады. Кеңестің басты мақсаты – тәрбиеленушілердің құқықтық санасын кеңейту, олардың балалар мен жастар ортасында құқық бұзушыларға қарсы тұруға дайындығын қалыптастыру және құқықтық тәрбие бойынша ғылыми негізделген саясат жүргізу. Бұл тәрбие кеңесіндегі топ мүшесінің әрқайсысы белгіленген жұмыс мазмұнына жауапты болып тағайындалады. Мысалы, психолог, әлеуметтік педагог және белгіленген сынып жетекшісі оқу жылы басынан әр сыныптың оқушыларына психологиялық-педагогикалық зерттеу жұмысын, жас ерекшелігіне сәйкес түрлі сауалнамалар мен диагностикалар жүргізіледі. Нәтижесінде: жеке басымен басқа оқушыларға үлгі болатын, яғни, көшбасшылар тобы; Оқу үлгірімі жақсы, тәртіпті оқушылар яғни, белсенділер тобы; Сынып жетекшісінің бақылауын қажет ететін, яғни, үнемі назарға алынатын оқушылар тобы; Құқық бұзушылыққа бейім болуы ықтимал оқушылар тобына жіктелді. Мақсатты жұмыстардың нәтижесі мектептегі құқықтық тәрбие бағытындағы жұмыстардың жақсы жемісін беріп отыр. Оның дәлелі, күні бүгін тәртіпсіздік жасап, мектеп бойынша ішкі істер бөлімінде есепте немесе мектепшілік бақылауда тұрған оқушы жоқ.

Осы орайда, ауылдық полиция инспекторы Ульянов Н.К, кәмелет жасқа толмаған істер жөніндегі инспекторы, полиция капитаны Б.Т.Серкешовпен әдістемелік көмек, тәжірибе жинақтауда біріге өткізілген жұмыстардың маңызы зор деп айтуға әбден болады. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алудың бірден – бір жолы – бұл оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуін ұйымдастыру болса, осы бағыттағы жұмыстардың біздің мектебімізде оң жолға қойылғанын атап кетуге болады. Егер де бала өз уақытын тиімді іске арнайтын болса, оған ұстаздары үлкен сенімділік артып, белсенділігін қолдайтын болса, бала тәртіпсіздік жасау түгіл, тіпті жаман әдетке бойын алдырмауға да дағдыланып кетеді. Себебі, балалар бір – бірінің тәрбиешісі, өзгеге ұқсап алға ұмтылудың портретін жасайды. Ал біздің мектебімізде

баланың жеке ерекшелігіне ұштауда сыныпаралық, мектепшілік, аудандық, облыстық сайыстарда көрінулеріне ұстаздардың шығармашылық шеберлігі мол.

Кеңес мүшесі А.Будусова : Оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында салауатты өмір салтын насихаттау бойынша қамқорлыққа мұхтаж оқушыларды сыртқы және мектеп жанындағы лагерге қамтылуына атсалысу керекпіз. Соған орай демеушілікпен айналысып аз қамтылған және әлеуметтік қорғалмаған отбасы балаларын мерекені ойдағыдай қарсы алуына жағдай жасауымыз керек.


Кеңес мүшесі У.Абдрахимова: Оқушыларымыздың салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында мектеп демалыс кезеңінде мектеп оқушылары арасында спорттық сайыстар өткізіп, өткізілген шараларда демеушілік көрсетуге шақырамын.

Қаулы:

- Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу жұмыстары жандандырылсын. Кеңес мүшелері, ата-аналар түнгі рейд жұмыстарына қатыстырылсын.
- Қамқорлыққа мұхтаж оқушылар сыртқы және мектеп жанындағы лагерлерге қамтылсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:
Мүшелері:

Қамқоршылық кеңес хатшысы:

 Ж.А.Жумалиева
 А.У.Умиржанов
 Д.К.Алмагамбетов
 У.А.Абдрахимова
 С.Хажай
 С.А.Алтынбеков
 А.Х.Будусова
 Ш.Х.Избасарова
 Н.К.Ульянов
 А.Н.Куккузова

«Қамқоршылық кеңесінің» №3 отырысына
шақыру

Құрметті-----

20 мамыр күні мектебімізде Қамқоршылық кеңесінің №3 отырысы өтеді.

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасының кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу жұмыстары.
3. Оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында салауатты өмір салтын насихаттау бойынша қамқорлыққа мұхтаж оқушыларды сыртқы және мектеп жанындағы лагерге қамтылуын қамтамасыз ету.

Сізді, қамқоршылық кеңесінің мүшесі ретінде, қамқоршылық кеңесінің отырысына шақырамыз.

Өткізілетін мерзімі: 20.05.2022.ж

Өткізілетін жері: Талдысай ОМ, акт залы